Аңдатпа

6N0506 Кальжирова А.Ж.

«Шағын және орта бизнес субъектілеріне салық салу жүйесінің тиімділігі (Өскемен қаласының мысалында)»

Магистрлық диссертацияның тақырыбы - «Шағын және орта бизнес субъектілеріне салық салу жүйесінің тиімділігі (Өскемен қаласының мысалында)».

Диплом жұмысының негізгі сөздері ҚР салық жүйесі, шағын және орта бизнес субъектілері, салық салу тиімділігін бағалау болып табылады.

Зерттеудің басты мақсаты салық салу жүйесінің тиімділігін талдауға методологиялық негіздер мен әдістемелік тұрғылар әзірлеу болып табылады.

Мақсатқа сәйкес магистрлік жұмыста келесі міндеттер қойылып, шешілген:

- ҚР салық жүйесі қалыптастырылып отырған негізгі принциптер мен тұрғылар қарастырылған;
- Салықтардың құрылымы;
- Шағын және орта бизнеске салық салу механизмі қарастырылған;
- ҚР салық салу жүйесінің тиімділігіне баға беру ұсынылған;

Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі (Өскемен қаласының мысалында).

Зерттеу көздері салық жүйесі мәселелерінің отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері; халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары болып табылады.

Магистрлік жұмыстың құқықтық және ақпараттық қамтамасыз етілуі ретінде салық жүйесін реттейтін ҚР заңнамалық және нормативтік актілері, Қазақстан Республикасы статистика Басқармасының статистикалық материалдары қызмет етті.

Магистрлік диссертация 104 бетте берілген, онда 17 кесте, 14 сурет, 27 формула, 3 қосымша, 43 әдебиет көздері бар.

Жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі негізделіп, магистрлік жұмыстың жазылу мақсаты қойылған, зерттеу нысаны мен пәні, міндеттері анықталған.

ҚР Салық жүйесінің бірінші тарауы 3 бөлімнен тұрады, оның біріншісінде ҚР салық салудың жалпы тұрғысы мен принциптері, екіншісінде салықтар, олардың түрлері мен функциялары, үшіншісінде шағын және орта бизнес субъектілеріне салық салу сипатталған. ҚР шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы деп аталатын екінші тарауында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің даму динамикасын талдау және шағын және орта бизнес субъектілерінен мемлекеттік бюджетке салықтық түсімдерді талдаудан тұрады. Шағын және орта бизнес субъектілеріне салық салу тиімділігі деп аталатын үшінші тарауында 2009 жылы ҚР Салық Кодексіне енгізілген өзгерістердің 2008 жылмен салыстырғандағы салық салу жүйесіне ықпал ету тиімділігі бөлімінен және шағын және орта бизнес субъектілеріне салық салу жүйесінің тиімділігінің сипаттамасы бөлімінен тұрады.

Қорытындыда шағын және орта бизнес субъектілеріне салық салу жүйесінің тиімділігіне баға беру бойынша негізгі қорытындылар мен ұсыныстар көрсетілген.

Алынған ақпаратты жалпылау үшін жүйелі және факторлы талдау әдістері қолданылған: экономикалық-статистикалық, салыстыру, салмастыру және топтастыру, аналитикалық кестелерді құру.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасында салық салу жүйесінің тиімділігінің тұжырымдамаларын әзірлеудің алғашқы қадамдарының бірі болып табылатындығында. Аса маңызды нәтижелер мыналар болып табылады: салық жүйесін құрайтын негізгі тенденциялардың факторларын, олардың анықтаушыларын жалпылау және талдау; ҚР салық жүйесінің даму болашағына баға беру; жүйенің ерекшеліктерін анықтау; Қазақстандағы салық салу тиімділігінің критерийлерін қалыптастыру және негіздеу; шағын және орта бизнес субъектілері үшін салық жүйесінің тиімділігін арттырудың негізгі жолдарын анықтау.